

ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ЖАҢА ДЕРЕКТЕР

Т.З. РЫСБЕКОВ*

С.Т. РЫСБЕКОВА***

Б.Ғ. ШЫНТЕМІРОВА****

Түйіндеме: Тарих – мәдениеттің кез келген саласының, әрбір халықтың, бүкіл адамзаттың жады (адам баласының есте сақтауы). Әрбір жеке адамның өмір тарихы оның тұлғалық ерекшеліктерінен көрінсе (оның білімінен, мінез-құлқынан, ішкерлігінен), бүкіл адамзаттың тарихы да қазіргі заманның барлық жетістіктері арқылы көрініс тапқан.

Адамзаттың қазіргі заманауи жағдайын, оның әлеуметтік институттарын, мәдениеттің белгілі бір салаларын түсіну үшін олардың тарихын білу қажет. Сондықтанда бүгінгі таңда бүтіндей алғанда елдің тарихын білумен шектелмей, өз өлкеңнің, туып өскен жеріңнің тарихын білу маңызды.

Өзіміздің туып өскен қаламыздың тарихын білу бізге не береді? Қаланың тарихын тану біздің кім екенімізді, біздің аталарымыздың кімдер екендігін түсінуге, бізге олар қандай өсиет қалдырды, өткенді бағалап, бүгінгіні түсінуге, болашаққа көз салуға, халықтың рухани қайта өрленуіне мүмкіндік береді.

Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласының ежелгі тарихы санқырлы, оның қызықтығы мен ашылмаған сырларының көптігі соншалықты, оны тану бір ғанибет. Біз мақтаныш қылып айта жүретін мәселелер жетерлік.

Тірек сөздер: *Қазақстан қалаларының тарихы, Жайық қалашығы, Текке, жазба мәліметтер, археологиялық қазба жұмыстары.*

New Facts Related to the History of Uralsk

Abstract: History is the memory of any sphere of culture, every people, all mankind (human memory). If the life story of each individual person manifests itself in his personal characteristics (in his knowledge, behavior, insides), then the history of all mankind manifests itself through all the achievements of our time. To understand the current state of humanity, its social institutions, certain areas of culture, it is necessary to know their history. Therefore, today it is important to know not only the history of the country as a whole, but also the history of your country, your home country.

What does knowing the history of our hometown give us? Recognition of the history of city will allow us to understand who we are, who our ancestors are, what covenants they left us, evaluate the past, understand the present, look into the future, spiritually revive the people.

The ancient history of Uralsk city, capital of the West Kazakhstan region, is multifaceted, there is so much of its interest and unsolved secrets that it is pleasant to know. There are many questions we are proud of.

Key Words: *history of cities of Kazakhstan, Zhayyk town, Tekke, written information, archaeological excavations.*

Кіріспе

Тарихтың жүгі ауыр. Тарих ақиқатты жақсы көреді. Оны шындықпен мәртебесін көтеріп, өтірікпен өшіруге де болады. Сондықтан кәсіби тарихпен айналысушылар ақиқатпен дос, өтіріктен аулақ, саясаттан іргесін арақашықтықта ұстағаны абзал.

Тағы да бір ескеретін жағдай - тарих шексіз зерттелу объектісі. Мәселені толық зерттеп біттім деу қисынсыздау, себебі жаңа деректер зерттеудің шеңберін кеңейтеді. Оның үстіне Лев Гумилев айтқандай «екі зерттеушінің бір кезеңді сипаттауы, өмір құбылыстарын бағалауы бір-біріне жақын болғанмен сол мәселені бірдей етіп баяндауы мүлдем мүмкін емес, себебі зерттеу барысында ғылыми мақсат-мүдделеріне сәйкес сюжеттерге көбірек көңіл бөледі». (Рысбеков, 2014:7)

Қазақстан қалаларының тарихын зерттеу мәселесінде ғылымның Отандық қара шаңырағы ҰҒА мұрындық болып көптеген қалаларымыз жөнінде арнайы ғылыми еңбектер жазды. Бұл жұмыспен А.С. Елагин басқарған арнайы ғылыми топ айналысты, бірақ өкінішке орай бұл жақсы бастама аяқсыз қалды.

Қалалар тарихын зерттеу - өзінің актуалдығын жойған емес. Сондықтан да қалалардың тарихын зерттеу қоғамда өткен тарихымыз туралы нақты көзқарас

* М. Өтемісов атындағы БҚУ, tuyakbai.rysbekov@mail.ru

*** Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, saltanat.Rysbekova@mail.ru

**** Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, ansar_2004@mail.ru

қалыптастыру қажеттілігімен байланысты. Қалалардың тарихын зерттеуде олардың пайда болуы қоғамдық ұйымдардың күрделі формаларының қалыптасуымен, дамудың жаңа деңгейімен байланыстыра отырып, өркениет пен урбанизацияны бір- бірімен тікелей байланысты тарихи процесс ретінде қарастырамыз. Адамзат қоғамының дамуындағы осы тарихи үдерісті зерттемейінше қалалардың пайда болуымен байланысты өркениеттің алғашқы кездерін қарастыру мүмкін емес.

Батыс Қазақстан облысының аумағында қазіргі Орал қаласының іргесінде ортағасырлармен белгіленетін Жайық қалашығы орналасқан. Археологиялық зерттеулер негізінде қалашық XIV-XV ғасырларға, яғни, Алтын Орда кезеңіне жататыны соңғы жылдары жүргізетін зерттеу жұмыстары нәтижесінде белгілі болды.

Жайық жағасындағы қаланың шығу тарихын қозғай отырып, қазақтар оны Теке (шын мәнінде Текке) деп атағанын да еске сала кетуге болады. Тарихтың атасы саналатын Герардот жазбаларынан бері есептегенде Еділ-Жайық бойын мекендеген түрік тілдес халықтардың үш мың жылдық тарихы бар. Сол кезеңнен бері қарай келе жатқан тарихи жазба деректер мен археологиялық қазба материалдарына сүйене отырып Жайықтағы қала (Орал қаласы) түркі тілдес оғыз мемлекетінің кезінен болған қала деген тұжырым айтуға болады. Оғыз тайпаларының мемлекеті Батыс Қазақстан даласында IX-X ғасырларда қалыптасқан болатын. Бұл тайпаның IX ғасырда (шамамен 893-896 жж.) Геих (Жайық) өзендерінің бойында саяси билікке ие бола бастағандығын Әл-Идриси, Истахри, Масуди, Ибн Фадлан, К. Багрянородный және т.б. еңбегінен көруге болады.

Оқырман көңілін аударатын жағдай Текке түрік тілінде мешіт, діни ғибадат ету орыны деген мағына білдіреді. Олай болса ол оғыз дәуірінде пайда болған Текке қаласы қазақтардың (жалпы түркі тілдес тайпалардың) үлкен діни орнына айналған орталығы болды деген тұжырым айтуға болады. Ендеше, Орал қаласының пайда болуы XVII ғ. басында емес, одан әлдеқайда ертерек екендігін байқауға болады. Бұл жағдайларды «тарихи география» саласы да толықтыра түседі. Орал қаласының Текке атауымен ертеректегі географиялық карталарда белгіленуі соның дәлелі болып табылады. Сондай-ақ керуен жолдарының картасы өзендерден өту ыңғайлы болғандықтан орта ғасырдағы керуен жолының біздің өңір арқылы өткендігін дәлелдейді (Земарк XVI ғ., Плано Карпини және Рубрук К.В., Ибн Фадлан 922-923 жылдар). Қазіргі таңда археологтардың қала тарихын дәлелді түрде XIV ғ. алып келуі бастамасы ғана деген ойдамыз. Әдетте, ежелгі қалалар тарихында оның бірнеше қабаты кездесетіндігі тарихи факт.

Жалпы ортағасырлық мемлекеттер мен қалалар жөніндегі мәлімет беретін жазба деректер, археологиялық қазба жұмыстарының ескерткіштері мен «тарихи география» саласының материалдары толықтырып дәлелдейді.

Осы бағытта толассыз ізденістер жасап, Қазақ мемлекеттілігінің тарихын ортағасырлардағы карталарды зерттеу арқылы кеңінен зерттеп жүрген ғалымдардың бірі - Мұхит-Ардагер Қаржаубайұлы Сыдықназаров. Оның зерттеулері бойынша ортағасырлық карталарда Қазақ елі 1530 жылдан бастап көрсетілген. 2007 ж бері қарай Мұхит-Ардагер 45 мыңнан астам картаны, 300-ден астам сирек қолжазбаны ерінбей-жалықпай зерделеді. Соның нәтижесінде ортағасырларда әзірленген 2000 астам карта тапты. Олар 200-ден астам түрлі атаумен көрсетілген. Бұлар аты әлемге әйгілі Герард Меркатор, Энтони Дженкинсон, Абрахам Ортелиус, Себастиан Мюнстердің карталары.

2021 жылы желтоқсанда «Тарих толқынындағы Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігінің XV-XIX ғасырлардағы еуропалық және америкалық карталардағы Қазақ мемлекеті. Атлас атты теңдесіз еңбек қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде Брюссельде жарық көрді. Атласқа 130 карта, оның әрқайсысы 26 тармақтан тұратын мәлімет берілген. (Сыдықназаров, 2021:532)

Жақында жас зерттеуші жаңа карталар топтамасын жарыққа шығарды. (Сыдықназаров, 2024:572).

Қалалар қай кезде де материалдық өндірістің, миграциялық үрдістердің, әлеуметтік-саяси қатынастардың, сауда-экономикалық байланыстардың, мәдени-ағартушылық орындардың орталығы болған. Бұған қоса, Отан тарихындағы күрделі саяси мәселелерді шешу үшін басым бөлігі патша өкіметінің қазақ даласын отарлау кезеңінде сыртқы және ішкі факторлардың нәтижесінде бекіністер ретінде қалыптасқан еліміздің қалаларының тарихы туралы жан-жақты зерттеулер қажет. Осындай қалалардың бірі - Батыс Қазақстан облысының орталығы - Орал қаласы.

Орал-Жайық бойындағы тұнып тұрған тарихы бар рухани қазыналы бай өлке. М.А. Сыдықназаровтың пікірі бойынша Жайық бойында 7 қала, археолог М. Қалменовтің айтуынша бірнеше қала орналасқан. (Сыдықназаров, 2024; Қалменов, 2024:6)

Орал қаласының әр кезеңдегі тарихына арналған еңбектер жарық көрді: (Москалев, 1956;1959), (Толмачев, 2012), (Байпаков, 2012), (Вафеев, 2007, (Мухин, 2005), (Бородин, 1891), (Герасимова, 1965; 1969), (Чесноков, 1963; 2003), (Троценко, 2013), (Жорасова, 2012), (Кушаев, 1993), (Рысбеков, 2017) қаланың пайда болу тарихына байланысты мақалалары мен кітаптары жарық көрді.

Тарихи зерттеулердің нәтижесінде Орал қаласының тарихын шартты түрде 5 кезеңге бөліп қарауымызға болады. (Байпаков, 2012) Бірінші кезеңі - XIII-XV ғасырлар. Бұл кезеңде Жайық бойында Алтын Орда дәуірінің қалалары қалыптасады.

Орал қаласының тарихына ежелгі кезеңнен көз салсақ... Орал қаласының орнында орта ғасырда Жайық қалашығы болғандығы жөніндегі жазба мәліметтерді соңғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстары нақты дәлелдеп отыр. Бұл жерде туындайтын мәселе - қаланың қай дәуірдегі қабаты қазылды және дамуы барысында қандай кезеңдерді бастан кешірді? Жауап алдағы уақытта жалғасын табатын археологиялық қазба жұмыстарының еншісінде деген ойдамыз. Олай дейтін себебіміз - жазба деректерде Орал (Жайық, Теке) қалаларының пайда болу мерзімі IX ғасырмен көрсетіледі, бірақ әзірге археологтар бұл мәліметті тиянақтаған жоқ. Орал қаласының тарихы IX ғ. басталады деген көзқарасты ғалым-археолог Г.А. Кушаев және т.ғ.д., профессор, академик Т.З. Рысбеков ұстайды.

Қазіргі таңда археологтардың қала тарихын дәлелді түрде археологиялық артефактылар және картографиялық деректерге сүйене отырып, біздің батыс өңірінде қалалық мәдениеттің XIV ғасырда-ақ қалыптасқандығы, ал қазіргі Орал қаласының іргетасы - Жайық қалашығы екендігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп отыр.

Жайық бойында қалыптасқан қалалардың қатарында Сарайшық, Жайық және Шакашиқ қалаларын атай аламыз. Бұл қалалар Алтын Орданың, одан кейін Ноғай хандығының құлауымен, күшті әскери-саяси биліктің әлсіреуімен өмір сүруін тоқтатты.

Орал қаласының тарихының екінші кезеңіне XVI-XIX ғасырлардың ортасына дейінгі уақытты жатқызамыз. Жайық өзенінің қоныстануға лайықтылығы және қорғаныс мәселесіне сәйкестігі казак тобырларының осы жерге мекендеуіне алып келді. Қаланың бұл кезеңдегі қалыптасу және даму тарихы Жайықтың, Орал казактарының қалыптасып, дамуымен байланысты.

Әдетте ежелгі қалалар тарихында оның бірнеше қабаты кездесетіндігі тарихи факт. Кеңестік заманда Орал қаласының негізін 1613 жылы казактар салған деген тұжырым қалыптасып кеткен. Михаил патша Орал казактарын қол астына алу туралы жарлық қабылдап, 1613 жыл олардың Ресейге қызмет етуінің басталуы болды. Сонымен бірге, тарихи дәлел ретінде қаланың өртенгеннен кейінгі орналасуы көрсетілген энциклопедиялық материалдарда оның пайда болуының басқа уақытын кездестіруге де болады. Ол 1598 жыл. Болмаса Орал қаласының ортасында орналасқан, күмбездері алтындалатын Жебеуші Христос шіркеуінің 8 бекінісінің алдыңғы екеуінде «1591» және «1891» жылдар көрсетілген. Бұл шіркеудің іргетасын 1891 жылы 31 шілдеде

қалауға болашақ император Николай II қатысқан болатын. Ал шіркеу Орал казактарының Ресейге қызмет етуінің 300 жылдығына арнайы салынғандығын ескерсек, бұл үшінші дата.

Бірақ осыған ұқсас мағлұматтар тарихи дәлел болып саналмайды және дәстүрлі аталып өтілетін қала мерейтойлары орталықтың пайда болуының тек қана бір болжамдарына сүйеніп жүр. Орал қаласының пайда болу тарихына байланысты ғылыми проблема әлі күнге күн тәртібінен түсе қойған жоқ. Осы проблеманы зерттеу Орал казактарының автохтонды түркі халқынан шығуын, басқалардан өзгеше бай да қызықты болып келетін, біздің өңіріміздің ежелгі және ортағасырлық тарихын объективті түрде қарастыруды талап етеді.

Жоғарыда көрсетілген 1613 жыл қалай пайда болды деген сұраққа мына құжаттар да негіз болады: 1963 жылы Орал қаласының бір топ тұрғындары Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің атына қаланың 350 жылдығын атап өтуге ұсыныс жасап, хат жолдаған деген болжамдар бар. Ал 1964 жылы 30 сәуірде ККП ОК мен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің №284 «Орал қаласының 350 жылдық мерейтойын атап өту туралы» Қаулысы шықты. Бұл құжатта былай жазылған: «1. Батыс Қазақстан Өлкелік Комитеті мен Өлкелік Атқару Комитетінің Орал қаласының 350 жылдығына байланысты мерейтойын атап өту жөніндегі ұсынысы қабылдансын». Көріп отырғанымыздай, Орал қаласының іргетасы 1613 жылы салынды деген тұжырым ешқандай ғылыми қорытындысыз, осы құжаттың негізінде қабылданған.

Қала тарихының 3 кезеңі 1868-1869 жылғы реформалардан басталады. Бұл реформаға сәйкес Орал облысы құрылып, Орал қаласы оның орталығына айналады. Облыс орталығы қазақтар мен казактар мекен еткен әкімшілік-территориялық бірлікке айналады. Облыс көлеміне БҚ, Атырау, ішінара Маңғыстау және Ақтөбе облыстарының территориясы енді. Осы кезеңде қала сәулет- құрылысы жақсарған, сауда жүйесі, өнеркәсіп-көлік қатынасы дамыған, көптеген мәдени, білім, денсаулық т.б. құрылымдары көбейген қалаға айналды. Оған себеп болған жағдайлар - жалпыресейлік нарыққа және қала мен дала арасындағы біртұтас экономиканың байланыстардың орнауы болды. Қала тұрғындарының саны 4 есеге өсіп, ең ірі және тұрғындарының этноәлеуметтік құрамы өзгерген қалаға айналды. Қала тарихының төртінші кезеңі кеңестік өмірмен байланысты. Азамат соғысының қасіреті, Орал қаласын ерлікпен қорғау, 1921-1922 жылдардағы ашаршылық, 30-шы жылдардағы ұжымдастырудың және репрессия зардаптары қала өміріне өз әсерін қалдырды.

1941-1945 жылдардағы сұрапыл соғыс жылдарының тарихы БҚО мен Орал қаласы үшін өзгеше. Біздің облыс пен қала соғыс жылдарында майдан шебіне жақын орналасқан, жау авиациясының бомбалауына, диверсанттарының қастық әрекеттеріне душар болғандығын біреу білсе, біреу білмейді. Қаһарман қазақ қыздары Мәншүк пен Хиуаздың және басқа да Кеңес Одағы батырлары және әртүрлі жағдайлармен елеусіз қалған ерлердің есімі есте сақтаулы.

Бұл кезеңді тарихты тың және тыңайған жерлерді игеру, қорғаныс өнеркәсібі зауыттарының пайда болуы, Қарашығанақ табиғи кен орнын игеру, демографиялық өсу, жаңа тұрғын үйлердің салынуы т.б. қала халқының өсуі мен көркеюіне алып келді.

Соңғы, бесінші кезең өз бастауын 1991 жылдан, тәуелсіздік нәтижесінде егемендік алған Қазақстан Республикасының құрылуынан алады. Экономикалық-әлеуметтік дамуда елеулі көрсеткіштерге қол жеткенімен, өкінішке орай, Орал қаласы өзінің статусында кейбір қолайлы орныққан орнынан айрылды деп айтуға болады.

Қорытынды

Біз мақаланы әр жылдарда жазылып, жарық көрген жұмыстарды талдап, қортындылап қала тарихын шынайы сипатқа келтіру;

-Тарих және мәдениет ескерткіштерін жоғары ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттау;

-Орал қаласының пайда болуы және қалыптасуы жөніндегі даулы болып келген, ұдайы талас туғызатын пікірлерге ғылыми тұрғыда дәлелденген тұжырымды ғылыми айналымға енгізу; Сол арқылы қала тарихына байланысты кеңестік кезеңнен қалыптасқан қате пікірлер мен даталарды арнайы түрде өзгерту мәселелерін сараладық. Соның нәтижесінде Орал қаласының пайда болу XIV ғасырда Алтын Орда дәуірінде деп айта аламыз.

КАУНАҚСА

Рысбеков, Тұяқбай (2014). *Тарихи тұлғалар: уақыт және өмір жолдары*. Алматы.

Москалев, Георгий (1956). *Хозяйственный облик дореволюционного Яицка-Уральска. Уральск; его же (1959). Город Уральск (экономика-географическая характеристика)* – Ленинград.

Толмачев, Сергей (2012). *Уральское казачье войско по своей родословной среди казачьих аойск Российской империи сравнимо разве что с Донским // Статья. Тюмень.*

Байпаков, Карл (2012). *Уральск древний и современный: очерки истории*. Уральск.

Вафеев, Рустам (2007). *Уральск потаенный*. Уральск.

Мухина, Геннадий (2005). *Лицо старого Уральска*. Уральск.

Бородин, Николай (1891). *Уральское казачье войско*. Уральск.

Герасимова, Элеонора (1969). *История города Уральска в дореволюционный период (1613-1917 гг)*. Алматы.

Чесноков, Николай (1963). *Уральску 350 лет. Алматы; его же (2003). На куполах столетий отблеск*. Уральск.

Троценко, Петр (2013). *Сколько лет Уральску – 400 или 700 // Статья*. – Уральск.

Жорасова, Алтынай (2012). *Орал қаласының тарихы: әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму аспектілері (1946-2011 жж)*. Орал.

Кушаев, Гаяз (1993). *Этюды древней истории степного Приуралья*. Уральск.

Рысбеков, Тұяқбай (2017). *Таңдалмалы шығармалар / Өскен өлке тарихы / т. 1, Орал*.

Сыдықназар, Мұхит (2021). *Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында, XVI-XIX ғғ еуропалық және америкалық карталарындағы қазақ мемлекеті*. Брюссель.

Сыдықназаров, Мұхит (2024). *Қазақстанның үзіліссіз мемлекеттілігі тарих толқынында, XV-XIX ғғ еуропалық және америкалық карталарындағы қазақ мемлекеттілігі*. Брюссель.

Қалменов, Мұрат (2024). *Шакафин-Шакашик-Шаған... // Мақала*. Орал.

